

## БІЗДІҢ ТАРИХЫМЫЗДАҒЫ ЕВРОЦЕНТРИЗМ

Қуандық М., Ғази А.

Астана халықаралық университетінің тарих 22-А тобының студенттері. Астана қ.

ғылыми жетекші: т.ғ.к., доцент Өскембаев Қ.С

Еуроцентрист ғалымдар «бүкіл өркениет атаулының шығу тегі мен иесі – Еуропа, бүкіл мәдениет атаулы өз бастауын Еуропадан алады» деген қатаң пікірде. Ал бұл рас па?

Ғалымдардың зерттеліп-дәлелденбеген ой-пікірлеріне арқа сүйеп, айқайлағанның артынанжүре берсек тарихи ақиқатқа жете аламыз ба? Меніңше жоқ, мүлдем жоқ! Тарихты қанша бұрмалағанмен, ақиқат бәрібір де су бетіне шығады. Ал қазір технологиялардың дамып, қоғамның өркендеген тұсында мұндай ойда болу тіптен ақымақтық, артта қалғандық.

Себебі, әр халық үшін өз тарихы маңызды орын алады және бүкіл халық шыққан тегін білуге құштар. Ал осыны пайдаланып, тарих жайлы білімі жетілмеген қоғам мүшелеріне өздерінің дәлелденбеген пікірлерін насихаттау, оларды еуроцентризмге үгіттеу, қазіргі псевдо-ақиқаттық пропоганданың бір түрі деп есептеймін. Еуроцентристік бағытты ұстанған ғалымдар, әсіресе біздің халықты үндіреуропалық халықтар қатарына жатқызуға құштар. Тарихи деректерде бұл жайлы титтей бір сөз қозғалса, соны импровизациялап өздеріне иемденуге бейім. Ал біздің ұлан байтақ даламызда кезінде неше түрлі қуатты мемлекеттер өмір сүрді және де олар алғашқы мәдениет негіздерін қалыптастырды. Біз бұл тарихи факттармен мақтанамыз. Алайда мұнда да еуроцентристтер өз тұмсығын тықты. Ендеше олардың бірқатар «псевдо-аксиомаларына» тоқтала өтсек:

Біріншіден, миграциялық концепция. Олардың пайымдауынша, қазақ халқының ежелгі ата-бабалары қазақ жеріне сырттан, Орта Азияның шығыс ауданынан келген келімсектерекен-мыс. Қазақ жеріне қоныс аударып келген халықтардың негізі – ғұн тайпалары екенібәрімізге мәлім. Ендеше, моңғолоидтық ғұндарды қалайша үндіреуропалық халықтардан шықты дей аламыз? Тіпті антропологиялық деректер де мұншалықты деңгейде жаңылмаған. Әлде Еуропалық мәдениет ошағы Қытай жерінде де орын тапты ма?

Екіншісі, автохтондық концепция. Бұл концепция бойынша біздің ата-бабаларымыз тек сақ-скифтер ден ғана емес, үнді-ирандық халықтардан да тұрады екен. Бұл мәселе бойынша ешқандай да толық дәлел келтірілмеген.

Ендеше бұл жай ғана біреудің болжамын аксиомаға келтіру дұрыс. Шетелдік ғалымдарды былай қойғанда, өзіміздің кейбір отандық тарихшылар мен көрші орыс халқының тарихшылары да осындай еуроцентристік көзқарасты ұстанады. Солардың бір-екеуіне тоқтай кетсек. С.Г. Кляшторный атты орыс ғалымы өзінің «Государство и народы Евразийских степей» және «Древность и средневековье» атты еңбегінде үндіреуропалық халықтарды, қазіргі қазақ жерінде өмір сүрген жабайы халық етіп, біздің түркі халықтардың атамекені деп Алтай, Орталық Сібір, Солтүстік Қытай аумағынан бір-ақ шығарды. Не дәлел жоқ, не сілтеме жоқ. Оның, еуропалық көшпелі халықтар жайылым жер іздеп, б.з.б. III мыңжылдықта Азияға келіп қоныстанған екен. Ал мұндай мәліметті тарихта ертегі деп қабылдасақ та болады[1]. Көшіп келгеннен кейін ол халықтардың қайда кеткені, қайда жоғалғаны, тіршілігінен бұрын, олардың көшпелі халық болғаны жайлы бірде-бір тарихи дерек жоқ. Бұған не дей аламыз? Б.А. Рыбаковтың пікірінше, Еуропа халықтары тас ғасырынан, қола дәуірін аттап өтіп, бірден темір дәуіріне өтіпті. Егер бұл мәліметке сүйенер болсақ, не металлды игермеген, не жылқыны қолға үйретпеген Еуропахалықтары ол кезде қалай соғыс арбаларын жасап, сонау Орталық Азия жеріне көше алдыдеген сауалдар туындайды. Мұндай халықтардың сол кездері қазақ жерінде өмір сүрген энеолиттік дамыған жергілікті тайпаларды жеңе алуы ақылға сыйа ма? Ары кетпей-ақ жылқыны қолға үйрету мәселесін алайықшы. Еуропаның аңыздарындағы «кентавр» атты жартылай адам, жартылай жылқы мақұлық жайлы барлығымыз білеміз. Бұл ұғымның пайда болуы, ежелгі еуропа халқының ат құлағында ойнайтын көшпелілерді көргендегі

алғашқы алған әсерімен тікелей байланысты. Көшпелі түркі халықтарының бет- сипаттары, киім кию, сөйлеу ерекшеліктері еуропалықтарға үрей тудырып, оларды құбыжық ретінде көрген. Осыншама қарапайым деректің өзінен біз еуропалықтардың ол заманда жылқыны қолға үйретпек түгілі, мал шаруашылығын әлі дұрыс игермегендігі жайлы хабар аламыз. Деректерді талдамастан еуропалықтарды көшпелі болған деп ойлау, нағыз білімсіздік деп ойлаймын. Темірді Еуропа даласына ежелде қазақ жерінде мекендеген сақ-скиф тайпалары таныстырды деген деректер тарихымызда жетерлік.

Ежелгі грек тарихшысы Гелланик те бұл пікірмен келіседі. Азия даласында металлургияның Еуропаға қарағанда анағұрлым биік деңгейде болғанына дәлел бола алатын адам бар. Алғаш болып еуроцентристік концепцияларға қарсы шығып, сынға алған белгілі ғалымдардың бірі Л.Н. Гумилев болды. Ол кісі антитүркішілдіктер мен еуроцентристерге қарсы көзқарасы үшін 10-15 жыл уақыт түрмеде отырып шықты. Өз өмірі мен барлық уақытын осы түркі халықтарының тарихын зерттеуге арнады. Белгілі археолог Пьянков, 1977 жылы Душанбеде болған туркологияға қатысты халықаралық симпозиумда Батыстан Шығысқа қоныс аударған мәдениеттің тарихта болмағанын, керісінше Шығыстан Батысқа қоныс аударудың болғанын баяндап, жариялады. Бұл көптеген ғалымдардың ойының өзгеруіне әсер етті деп ойлаймыз. Міне, осындай шындыққа, белгілі бір тарихи деректерге сүйеніп тұжырым жасаған ғалымдарды, біз әрқашан қолдаймыз. Ал енді өзіміздің отандық еуроцентристердің айтқанын қарастырайық. И.Н. Ундасынов атты белгілі профессор үндіеуропалық халықтардың жерімізге ерте замандарда көшіп келіп, осында өркениет негіздерін қалаған деген ойда. Бұл олардың мүмкіндіктерін асыра бағалау секілді. Себебі, ол кезде олар өркениет қалыптастырмақ түгілі енді ұйымдасып жатырған уақыттары емес пе еді?! Ол ежелде қазақ жерінде өмір сүрген халықтардың қабілетін тым төмен бағалап, үндіеуропалықтарды төріне шығарып отыр. Оның ойынша, жергілікті тайпалар өз бетінше қола өңдеп, арба жасап, қамал жасауға шамасы да, қабілеті де жетпеген. Оларға дамыған халықтар осыныңбарлығын үйретті деген пікірде[2]. XX ғасырдың II жартысы еуроцентристік ойлардың гүлденген дәуірі болды. Түрлі тарихи симпозиумдарда да осы мәселелер қарастырылып, еуроцентристік көзқарас үстемдік етті. Еуроцентристер тіпті Шығыс халықтарының саяси өміріндегі кейбір процесстерге де өздерін тықпалады. Еуропалықтар түркілерді «надан», «жабайы халық» деп, оларды «өзіндік мәдениет қалыптастыратындай даму деңгейіне жетпеген» деп төмендетті. Бірақ анығына келгенде бәрі керісінше. Еуропалық мәдениеттің тым кеш дамығаны жөнінде Ф. Энгельс: «еуропалықтар XIV ғасырда, соғыс қимылдарын тас және балтамен жүргізгенін ұмытпауымыз керек» дейді [3].

Еуроцентристер мақтана айтатын қайта өрлеу дәуіріне (Ренессанс) XIV-XVII ғасырлары ғана жетсе, түркі халықтарында бұл кездерге дейін-ақ қаншама ғылым түрлері пайда болып, тараған болатын. X-XIII ғасырларда Әбу Насыр Әл Фараби (870-950 жж), Қожа Ахмет Ясауи (1093-1166), Әл Хоремзи (783-846), Жүсіп Баласағұн 1015-16 жылы, Махмұт Қашқари (XI ғасыр) [4] секілді ғалымдар білім бойынша жетістікке бүткіл Европадан бірінші жетті. Түркі халықтарының ғылымдағы арландарының еңбектері: Әл Фарабидің «Альмагеске түсініктемелері», «Метафизика», «Ғылымдардың пайда болуы туралы», Қ.А. Ясауи «Диуани хикмет», «Мират-ул Қулуб», Махмұд Қашқаридың «Диуани луғат-ат- түрік», Жүсіп Баласағұнның «Құдауғу білік», Әл Хоремзидің «Аль-китаб аль-мухтасар фи хисаб аль-джабр ва-ль-мукабала» математика ғылымның негізін қалады [5]. Ал өздері көкке көтеріп айтатын дүниенің геоцентрлік жүйесі жайлы, түркі жерінде Әл Буруни атты ғалым атамыз Коперниктен 500 жыл бұрын және денелердің жерге тартылысын Галилей мен Ньютоннан 600 жыл бұрын айтып кеткен. Өткен ғасырда ғалымның бірнеше еңбектері ағылшын, орыс, неміс, француз тілдеріне аударылған. Онымен қоса Әл Бируни тарих, математика, география, астрономия, медицина тағы да басқа ғылым салаларынан 150-ден астам еңбектер жазып қалдырған. Оның 45-і астрономия мен математика саласына арналған. Ғұламаның атақты «Бұрынғы ұрпақтар ескерткіші», «Асыл тастар» секілді еңбектері бүгінгі күнге дейін өзінің құндылығын жоймаған [6]. Айта берсек таусылмас. Осы оқиғадан кейін ғана инквизициядан көз ашпаған Еуропа бірінші рет XIV- XVII ғасырларда ғылым, білім не екенін көрді. Осы

орайда еуропалықтардың түркілерден кейін ғана дамығанын байқаймыз. Мемлекет құруда түркілер басқаларын қапы қалдырды. Еуропада және оның шығыс бөлігіндегі жерлер түркілердің ықпалына түсіп, дамыды.

Біздің заманымызға дейін ерте темір дәуірінде-ақ сақтар, ғұндар, аварлар секілді түркі тілдес тайпалар еуропалықтардан бұрын аты шулы, қуатты мемлекеттер құрды. Тіпті бүкіл еуропа даласында оларға қарсы шығатын күш болмады десек те қателеспейміз. Еуропаға жылқыны, металлды, соның ішінде темір өндіру, таға, үзеңгі жасау ісін, басқару жүйесінің құрылымы, үндіеуропа-славян халықтарының тілдік қорына мыңдаған кірме сөз (таныс сөздер, яғни невидимые тюркизмы) түркі сөздерінің енуі, еуропалықтардың тым тәкаппарлануына мүмкіндік бермеді. Бірыңғай түркі дүниесі болғанын, көп түркілердің бір тілдік қауымға жататынын, тарихта аты қалған тайпалардың дах, дай, тур деген түркі тілдес тайпалар екенін, олардың киелі Тұранда, қазақтың ұлы даласында мекен еткенін еуроцентристтер және антитюркист ғалымдар мойындамай, оларды «пантюркисттер» деп айыптайды. Мұны еуроцентристтердің Еуразияда отырықшы болған үндіеуропалықтарға үстемдік етіп, өмірілерін құлдыққа айналдырған, жеңілудің атын білмеген жауынгер, түркілерге қайтарған кегі деп айтуға болады.

Бүкіл әлем білетін Еділ патшаның батыс Еуропаны үрейде ұстағаны еуропалықтардың тарихындағы қараңғы ғасырлары деп айтуға болады. Түркінің ұлы Ерінен қорыққаннан, оны «Құдай қамшысы» деп те атады. Құдай қамшысы дүркіреген Римнің қорқынышты түсіне айналды. Патша Еділдің (Аттила) Еуропаны басына көтергені туралы деректер бойынша, ғұндар 451 жылы екі күндік қоршаудан кейін, Мец, содан соң Тонгерен, Шпейер, Реймс берілген. Парижді де үрей биледі. Ежелгі Лютецияның (Париж ) халқы қашуға әзірленген. Біз бұл сәтте басқа да деректерді пайдаландық. Мәселен, бір тарихи аңыз бойынша қаланы құтқарып қалған әйел-әулие Геновея (Женевьева), кейіннен ол Париж қаласының қамқоршысы ретінде белгілі болды. «Әулие Геновеяның өмірі» атты кітапта, ол тұрғындарды туған қаласын қауіп-қатер төніп тұрған уақытта тастап кетпеуін өтінгенін, бұған қоса өздерін және ерлерін қаланы қорғауға, құдайдан өздерін құтқару жөнінде жалбарынып сұрауға шақырғанын көре аламыз. Сұрағандары құдай құлағына шалынып, Аттила Парижге жетпеді. Ғұндар сол жақ қанаттан Орлеанға (Aureliani, Orleans) шабуыл бастады. Солай, деректер бойынша шешуші шайқас Шампаньдағы (Галлия, яғни Франция) Каталаун даласында өтті (лат. Campi Catalaunici). Бұл өңір өз атауын Catuvellauneg деген кельт тайпасының аталуынан алады және Труа (Troyes) мен қазіргі Шалон-сюр-Марнның (Chalons-sur-Marne) арасындағы жазық болып табылады. Каталаун даласында болған шайқаста ғұндар біріккен еуропалық одақ күшімен күресіп, оларды тас-талқан етті. Бұл – әлем тарихындағы, халықтар шайқасы болып қалды [7]. Осылайша, түркілердің ата-бабасыболған түркі тілдес ғұн тайпасының Еуропаға Құдайын есіне түсіріп, бұл кәрі құрлыққа үрей туғызды. Онымен қоса, Еділ патша орталық және батыс Еуропаның ірі ұсақ тайпаларын (гот, кельт, славян, франк) мекен еткен жерінен көшуге ықпал етті.

Айтарлықтай маңызы бар, Римдегі құлиеленушілік құрылыстың тірегін бұзғаныны да тарихта қалды. Бұл көне өркениет орнына, Еуропаға феодализм дәуірі келді. Жоғарыда айта кеткендей, ол тек осы тайпалардың емес, Еуразия даласындағы халықтардың өзгеруіне үлкен рөл ойнады. Халықтардың ұлы қоныс аударуын бастаған қаһарлы ғұндардүниежүзілік тарихи маңызы бар құбылысты дүниеге әкелді. Алайда, Еуразияда билігін нық, берік қылып орнатқан тек қана ғұндардың тайпалары ғана емес еді. Олардан бөлек қаһарлы Алтайдан келген түркі халқы – бұлғарлар қазіргі Украина жерлері, Қара теңіз жағалаулары, Болгария, Румыния, бұрынғы Югославия мемлекетінің жерлері, оңтүстік Ресей жерлері, осы ұлан ғайыр далаға әмірін жүргізді. Ал, Хазарлар бүкіл Кавказ жерлерімен Еділ бойын бағындырды.

Ал Еуропа, славяндар айтатын Қыпшақтар(командар,половцы) орыс жерлеріндегі алғашқы өркениеттің қалыптасуына зор әсер етті. X ғасырда Еуропада саны жағынан он мыңнан асатын қалалардың саны саусақ санарлықтай болса, қыпшақ даласында мұндай қалалар саны күн санап артатын еді.Орыстардың көптеген қалаларында бастапқыда қыпшақтардың байрақтары биікте, көкке көтеріліп, желбіреп тұратын. Қыпшақтар келген

жеріне өркениет әкеліп, жаңа қалалардың негізін қалап отырды. Қыпшақтар негізін қалаған қалалардың бірі Толум (Тула) қаласы – колөнершілер, металлургтер, қару-жарақ шеберлері қаласы болды. «Толум» сөзі түрік тілінде «қару» дегенді білдіреді. Келесі қала - «Курск» қаласы. Топонимі бойынша бұл қала «соғыс, ұрысқа дайын қала» екенін көрсетеді. Одан басқа да бірнеше қалалар болды. Мысалы: Кипензай (Пенза), Бурунеж (Воронеж), Челяба (Челябинск), Балтавар (Полтава). Қалалардың арасынан ірі сауда жолдары байланысы орнады. Бай саудагер көпестер осы арқылы өз қазыналарын толтырды. Бұл қалаларда көшелер, үлкен адамдар жиналатын алаңдар болған. Мұндағы ең басты факт – қалалар түркі архетиктурасы жоспарланып, іргетасына дейін түркілік кірпіш салу техникасы қолданылған. Қалалардың іргетасының күрделі құрылысына қарап, археологтар бір нәрсені байқайды. Бұл фактор көшпенділерде өзіндік өркениет болғанының тағы да бір дәлелі емес пе?! Археологтар көшпенді халықтарда математика, сәулетшілік, инженерия салалары дамыған деп санайды. Көшпенділердің қалаларының өздеріне тән бір ерекшелігі болған. Археологтар қазба жұмыстары кезінде табылған ежелгі қалалардың астынан жер асты жолдарын, су құбырлары жүйесі мен қосымша тағамдарды сақтайтын ұралар тапқан. Бұл зерттеушілерді ерекше таң қалдырып, қыпшақтар қалайша екі қабатты қала сала алған деген ой тудырған. Қыпшақтар қала тұрғызуда орналасатын жеріне үлкен көңіл бөлген, әрі қалалар өзен маңдарынан, тіршілік көзі бар жерден тұрғызылған [8].

Қыпшақ кезінде славян тайпаларына түркі мәдениеті маңызды рөл ойнады, айта кетсек тіліне қатты ықпал етті. Моңғол шапқыншылығына дейін орыс тіліне өздері половцы деп айтатын қыпшақтардың арқасында мыңдаған түркі сөздері енді. Жалпы деректер бойынша Е.Н. Шипова құрастырған орыс тіліндегі түркі сөздігінде 2000 түркі сөздері бар [9], ал зерттелмегені қаншама. Мысалға алар болсақ, қыпшақтардың боярин, богатырь, ватага, жемчуг, орда, собака сөздері. О. Н. Трубочев бұл сөздерді түркі тілінен енген деп бекітті [10].

Тіпті орыс тарихында маңызы бар «Игорь жорығы туралы жыр» түркі тілінің негізінде жазылған дүйім жұртқа мәлім дерек. Бұл уақыт өте келе дәлелденген ақпарат. Зерттеу барысында дастаннан 45 көне түркі сөздері (Алтай тілі) табылған, оның ішінде тайпалар және титулдар атауы көптеп кездеседі [11]. Кейбіреулері тіпті әлі күнге орыс сөздігінде кездеседі (телега, кошии). Көптеген шығыстанушы ғалымдар жырда түркі тілінің басымдылығы бар екенін жоққа шығармайды. И.Н. Березин тіпті жырда кездесетін тюркизмдерді атап көрсетті (жемчугь, ортьма, чага, японщина) [12]. Ал Мелиоранский, түрколог К.Г. Менгес белгілі дәлелдер келтіріп, жырдағы түркі тілдерінің бар екенін дәлелдеді. Мелиоран келесі сөздердің түркі тілінен шыққан мәтінде кездесетін айтты, атап өтер болсақ, «болвань, бояринь, бусый, быля, жемчугь, когань, кошии, ногата, ортьма, салтань, шереширь, япончица и яруга».

Менгес славян тілдеріндегі, түркі тілінің лексикалық ықпалдары туралы бірқатар еңбектердің авторы, ол талқыланатын сөздердің фонологиясына, дыбыстық ерекшелігіне көп көңіл бөледі [13]. Ал өзіміздің Олжас Сүлейменов бұл жырды тек орыстар жазбағанынбылай дейді: «Я впервые заявил, что «Слово о полку Игореве» было написано для двуязычного читателя двуязычным автором. Допустим, русским, который владел и тюркскими языками. Значит, на Руси тогда существовал билингвизм. Я доказывал это, привлекая данные целого ряда древнерусских источников. А прежняя историческая наука утверждала: в русский язык за время половецкого и татаро-монгольского нашествия попало всего несколько тюркских слов. Аркан, кумыс... Я же говорил о невидимых тюркизмах, которые всегда считались русскими. Вот это и возмутило почтенных академиков» [14].

Сондай-ақ, көптеген ғалымдар жырда түркі тілінің ықпалы зор екенін, қайсыбір христиан дініне қатысты мәліметтердің қосымша екенін, жырды айтушы әрі оның кейіпкері Баян жыраудың бейнесі, бұл шығарманы тудыруға түркі халықтарының дақатысы барлығын байқатады. Ал жырдың түпнұсқасы болып есептелетін алғашқы көшірме нұсқасы – 1812 жылғы Мәскеудегі өрт кезінде Мусин-Пушкин үйімен қоса өртеніп кеткен. Алайда түп нұсқаны көшіру кезінде де көптеген бұрмалау болғанын жасыруға болмайды. Орыстар жазып-көшіру барысында түркі сөздерін жасырғысы келсе де, күні бүгінге дейін түркі сөздерінің терең мағынасын анықтамады. Ғалымдар мұның түркілердің славян мәдениетіне қосқан үлесі

деп айтады. Осылай түркілер славяндардың дамуына үлесі қыпшақтар кетуімен тоқтап қалмады. Олар, Ұлық Ұлыс (Алтын Орда) кезінде де жалғаса берді. Түркілер бұларға басқару жүйесін ойлап табуға, Мәскеу жанында жиналған орталықтанған мемлекет құруға үлкен ықпал етті. Алтын Орда арқасында орыстардың патшаларының «Самодержавиесы» шықты деп айтқан болатын Николай Карамзин. Ол: «Ордадан келген князьдер ол жерден үлкен билікпен қайтып келеді. Өйткені, олар жоғарғы ханның атынан бұйрық берді. Бір сөзбен айтқанда, самодержавие дүниеге келді» деді Николай Карамзин. Орда үстемдігі кезінде орыстар христиандарға айналды, әрбір селода христиан шіркеулері салынды, қызметкерлері алым-салықтардан босатылды. Шіркеу қызметкерлері «О құдай, хан билігін сақта!» деп жалбарынды. Моңғол шапқыншылығынан соң, Русь жері Шыңғысхан ұрпақтарының қол астына көшті. Оларда басты билік иесі «хан» аталды, одан кейін ғана барып өз князьдарының үстемдігі жүрді [15].

Билік басына келу үшін князьдар ең біріншіден ханның алдына келіп, одан князь болуға рұқсат «жарлық» қағазын алу керек болды. Алтын Орда русьтердің ішкі ісіне араласқан емес. Алайда соған қарамастан русьтерде ішкі қарама-қайшылық деген үдеп тұрған болатын. Билікке талас, жерге талас мәселелері қан қырқысқа дейін апаратын. Русьтарды бақылау үшін Алтын Орда өзінің басқақтарын жіберіп отыратын. Егер де көтеріліс, бұйрыққа бағынбай қарсылық таныту жағдайлары болса, бірден өзіндік жазалау шараларын қолданатын. Еурцентристтер өздері құраған ертегіден, шынайылыққа оралғысы келмейді. Оларды даланың өзінің жергілікті халқы өмір сүргені, онда ешқандай еуропалықтардың келмегені жайлы деректер қызықтырмайды да. Жалған әрі дәлелденбеген болжамдар арқылы еуропалықтарды, күллі Еуразия даласының қожайынына, өркениетінің иесіне айналдырып жібергісі келеді. Тарих мамандары тұжырымдардың жалған екенін білсе де, көпшілік қалыптасқан еуроцентристік «аксиомаларға» қарсы шыққысы келмейді, не онымен айналысып басын ауыртқысы жоқ.

Соңында айтарымыз, бүгінде өзіміздің отандық тарихшылардың арасынан да бұл бағытты қолдаушылардың шығуы қаншама жылдық Кеңес өкіметінің озбыр саясатының жемісі. Адамдарды бала шағынан бастап миларын жалған мәліметпен улау, тарихи шын мәліметтерді өз мүддесі үшін бұрмалап көрсету, оны онсыз да тарихынан ажырау қаупінде тұрған бодан халықтың санасына сіңдіру, ақыр аяғында «ата- бабамыз үндіеуропалықтар» деп жар салушылардың қоғамымызда көбейіп, етек жаюыны алып келді. Тарихтың бұлайша бұрмалануы келер ұрпақтың, білім алушы оқушылар мен студенттердің, тарихтан хабары жоқ қоғам мүшелерінің отандық тарих жайлы көзқарастарының дұрыс қалыптасуына кері әсер етеді. Олардың да күндердің бір күні еуроцентристке айналуы ғажап емес. Ал мұның алдын алу болашақ тарихшы ретінде біздің басты міндеттеріміздің бірі деп есептейміз!

Қолданылған әдебиеттер мен деректер:

1. Қыздарбеков Б. «Қазақтардың көне тарихына кіріспе», (Жаңаша көзқарас): - Монография. - Қарағанды: КарМТУ 2012. -112 бет.
2. Ундасынов И.Н. История казахов и их предков. Часть 1. Наши предки. -М.: Ленорм, 2002.
3. Қыздарбеков Б. «Қазақтардың көне тарихына кіріспе», (Жаңаша көзқарас): - Монография. - Қарағанды: КарМТУ 2012. -112 бет.
4. <https://ru.wikipedia.org/wiki/> 8. 14.11.2022.
5. <https://melimde.com/8-islam-renessansi-jene-trkilerdi-medeni-mrasi-masati.html?page=2> 30.10.2021
6. <https://melimde.com/trik-afanatini-alip-jatan-ger-aumafi.html> 12.11.2021.
7. Vita St. Genovefae. Ed. C. Künstle. Leipzig, 1910, cap. 9
8. Мурад А . Кипчаки. Международный клуб Абая. - Семей, 2008.

9. Шипова Е.Н. Словарь тюркизмов в русском языке / Е.Н. Шипова (составитель); Отв. ред. акад. А.Н. Кононов Институт языкознания АН КазССР. -Алма-Ата: «Наука» КазССР, 1976. -444 с.
10. <https://ru.wikipedia.org/wiki/> 24.11.22.
11. Почти все слова алтайского происхождения в Слове – тюркизмы, телъга хоругвь, в конечно счете, монгольского происхождения Подробный обзор работ об этих словах. Poppe N.J r A Survey of Studies of Turkic Loan Words in the «Slovo o polku Igoreve» // Central Asiatic Journal. 1984, Vol. 28, № 1-2, P. 88-99
12. Березин И. Игорь, поход северских князей. / Перевод Николая Г. // Москвитянин 1854. Т.6. № 22, кн 2 Отд 4. -С. 68-71
13. Мелиоранский П.М. Турецкие элементы в языке «Слова о полку Игореве». // ИОРЯ 1902. Т. 7, к 2. -С. 273-302.
14. <https://rg.ru/2020/09/08/sulejmenov-kogda-vse-narody-budut-vzaimozavisimy-to-ischeznut-prichiny-vojn.html> О. Сүлейменов. О происхождении древнетюркских языков и письменностей. 2020/09/08/
15. Карамзин Н.М. Записка о древней и новой России. -СПб.: Типография А.Ф. Дресслера, 1914. - С. 47.